



«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН СЕНБІЛІК ӨТТІ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қорқыт ата аллеясында сенбілікке атсалысып жатқан «Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздарымен кездесті.

Аймақ басшысы табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау өркениетті қоғамның басты құндылығы екенін атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында өңірімізде ауқымды жұмыс атқарылуда. Шілде айының басында күшіне енген халықтық Конституцияда табиғатты қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау қағидаты алғаш рет заң деңгейінде бекітілді. Ендігі жерде қоршаған ортаға жанашырлық таныту – әрбір азаматтың конституциялық парызы. Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Президент саябағы, бүгінгі сенбілік өтіп

жатқан Қорқыт Ата саябағының жаңаша келбетке енуі – өңіріміздің әлеуметтік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған жүйелі саясаттың жемісі. Осындай игі істердің бел ортасында әрдайым «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары жүреді. «Жасыл ел» – маусымдық жұмыс емес, жастарды еңбекке баулитын, елжандылыққа тәрбиелейтін, қоғамдық жауапкершілікті қалыптастыратын үлкен азаматтық мектеп. Бұл жоба арқылы мыңдаған жас алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтап, туған жердің дамуына сүбелі үлесін қосып келеді. Биыл жобаға 21 жыл толды. Осы уақыт ішінде «Жасыл ел» өз тиімділігін дәлелдеп, жастар саясатының ең табысты жобаларының біріне айналды.

Туған өлкеміздің тазалығы мен көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сенбілікте аймақ басшысы жастармен экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөнінде еркін пікір алмасты. Айта кетейік, өткен жылы «Жасыл ел» еңбек жасағының қатысуымен 118 саябақ, аллея және қоғамдық демалыс орындары көгалдандырылып, 12 гектар аумақ тұрмыстық қалдықтан тазартылды. Биыл да 1200-ден астам жас осы игі іске атсалысып, өңірдің тазалығы мен көркеюіне өз үлесін қосуда.

Сонымен қатар, облыс әкімі «КБИ», «Бөйтерек» шағын аудандары мен Жаппасбай батыр көпесіндегі тазалық, абаттандыру және балалар ойын алаңдарының жағдайын, Сағымбаев көшесін қайта жаңғырту жұмыстарын көріп, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

СУ ТАРАТУ СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Жаңақорған кенті «МАН бекеті» шағын ауданындағы су тарту станциясын және қосылду тармағын пайдалануға беру рәсіміне қатысты.

Салтанатты шарада аймақ басшысы аудан тұрғындарын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Бас прокуратураның ұйымдастыруымен 2025-2026 жылдары мемлекетке қайтарылған активтер есебінен өңірімізге 45 млрд. теңге қаржы бөлініп, 31 жоба іске асты. Оның ішінде Жаңақорған кентіндегі су тарту станциясын салуға 1,1 млрд. теңге қаржы бөлініп, жұмыс толық аяқталды. Нәтижесінде, 1500-ге жуық үй сапалы ауызсумен қамтылып, тұрғындар қуанышқа кенеліп жатыр. Мемлекет басшысына, Бас прокуратураға аймағымыздағы

ауқымды әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуына қолдау көрсеткені үшін Сыр жұртшылығы атынан алғысымды білдіремін!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Іс-шарада облыс прокуроры Ризабек Ожаров, Жаңақорған кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Серхожа Ыдырысов сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан және су тарту станциясын құрылысын сапалы жүргізген мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Соңғы төрт жылда Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен өңір бюджеті 809

млрд. теңге болып, екі есе өсті. Ал даму бюджеті 4,3 есе артты. Бұл қаражат аймақтың ең өзекті мәселелерін шешуге, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды.

Бүгінде облыс тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтылған. Жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, қамту деңгейі 85 пайыз болады.

Бұдан бөлек, үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту мақсатында 6 200-ден астам пәтер беру жоспарлануда. Облыс бойынша 141 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өткізіліп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95,5 пайызға жеткізіледі.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына
телефондар арқылы ала
аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.**

САЛА ЖЕТЕКШІЛЕРІНЕ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда «Жасанды интеллект негізіндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің экожүйесі туралы» мәселе қаралды. Бұл жиындағы міндеттер бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктелді.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 2026 жыл – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланғаны белгілі. Бұл – еліміздің цифрлық трансформациясын жеделдетуге, жасанды интеллектті барлық салаға кеңінен енгізуге және мемлекеттік басқару жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам.

Сондай-ақ, Президент «Әрбір жаңа мемлекеттік қызмет көрсету ең ауелі цифрлық форматта жасакталуға тиіс» деген ұстаным білдірген еді.

Осыған сәйкес, Үкімет мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жаңа деңгейге көтеру, қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту, азаматтармен кері байланысты күшейту және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану бойынша нақты міндеттер қойды. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүзеге асырылуда.

«Жұмыстар тек цифрландырумен немесе жасанды интеллектті енгізумен ғана шектелмеуі тиіс. Ең алдымен мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заң талаптарының қатаң және мұлтіксіз сақталуы қамтамасыз етілуі қажет. Егер мемлекеттік қызмет көрсету барысында қарапайым рәсімдердің өзі сақталмаса, онда цифрландырудың да, жасанды интеллекттің де, басқа да жаңа технологиялардың тиімділігі толық нәтиже бермейді. Сондықтан әрбір басшы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын, заң талаптарының сақталуын және қызмет көрсету мерзімдерін жеке бақылауына алуы қажет», - деді Нұржан Сәбитұлы.

Мәжілісте күн тәртібінен бөлек бірқатар мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар берілді.

ШИЕЛІДЕ «АУЫЛ VIBE, RETRO NIGHT» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Шиелі ауданы орталығында әр аптаның жұмасы дәстүрге айналған, ауыл жастарының шығармашылығын қолдау, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраны дәріптеуге бағытталған «Ауыл Vibe, Retro Night» байқауы өз жалғасын тапты.



Мерекелік шараға аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов қатысып, қатысушылар мен көрермендерді құттықтады. Болатбек Ысмағұлов сөзінде мұндай жобалардың ауыл жастарының шығармашылық әлеуетін дамытуға, ұлттық өнерді насихаттауға және ауылдық округтер арасындағы мәдени байланысты нығайтуға зор ықпал ететінін атап өтіп, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауда Қоғалы және Талаптан ауылдық округтерінің өнерпаздары сахна төрінде өз өнерлерін паш етті. Олар туған өлкенің тарихы мен мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлері мен шығармашылық әлеуетін әсерлі қойылымдар арқылы көрермен назарына ұсынды. Кеш барысында ретро әндерден құралған концерттік бағдарлама, заманауи музыкалық қойылымдар мен түрлі шығармашылық

нөмірлер көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ерекше әсер қалдырды.

Байқаудың басты мақсаты - тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру, ауылдардың мәдени әлеуетін кеңінен таныту, сондай-ақ ретро әндерді жаңғыртып, оларды заманауи технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы жаңа форматта көпшілікке ұсыну.

Сонымен қатар, жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын дамыту жөніндегі бастамаларын қолдай отырып, мәдениет пен өнер саласында инновациялық технологияларды тиімді пайдаланудың маңызын айқындай түседі.

Бүгінде бала тәрбиесі тек отбасының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігіне айналды. Цифрлық технология қарыштап дамыған сайын жасөспірімдерге тонетін қауіптің сипаты да өзгерді. Бұрын ата-аналар баласының көшеде кіммен жүргеніне алаңдаса, бүгінде оның телефондағы байланысы, әлеуметтік желідегі ортасы мен интернеттегі әрекеті басты назарда болуы тиіс. Себебі қазіргі қауіп тек көшеде емес, смартфонның ар жағында да жасырынғы тұр.

Соңғы жылдары қоғамда буллинг, кибербуллинг, stalking және дропперлік секілді ұғымдар жиі айтыла бастады. Атауы жаңа болғанымен, олардың салдары өте ауыр. Бұл құбылыстар адамның психологиялық, моральдық және қаржылық жағдайына елеулі зиян келтіріп қана қоймай, кей жағдайда орны толмас кайғылы жағдайларға да әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан мұндай құқықбұзушылықтардың алдын алу – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі – буллинг. Бұл ұғым қазақ қоғамында 2010 жылдан кейін кенінен қолданыла бастаса, соңғы бірнеше жылда күнделікті өмірдің ажырамас сөзіне айналды. Бұрын «мазактау», «қорлау», «кемсіту», «күш көрсету» деп айтылған әрекеттердің барлығы бүгінде бір ғана «буллинг» сөзімен сипатталады.

Өкінішке қарай, буллинг әсіресе мектеп оқушылары арасында жиілеп келеді. Психологиясы әлі толық қалыптаспаған жасөспірім үшін қатарластарының қысымы ауыр соққы болуы мүмкін. Кей жағдайда мұндай қорлық баланың тұйықталуына, күйзеліске түсуіне, тіпті өзіне қол жұмсауына дейін апарып жатады. Бұндай оқиғалар мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсететін ашы шынық.

Заңнамада да бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінген. Буллингке қатысты жауапкершілік Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 127-2-бабымен реттеледі. Заң бойынша кәмелетке толмаған баланың әрекеті үшін жауапкершілік ең алдымен оның ата-анасына немесе заңды өкіліне жүктеледі.

Мамандардың айтуынша, баланың дүниетанымы негізінен 6-7 жасқа дейін қалыптасады. Яғни балаға берілетін алғашқы тәрбие оның бүкіл өміріне ықпал етеді. Сондықтан отбасы – тұлғаны қалыптастыратын алғашқы орта. Ал мектеп сол тәрбиені дамытып, дұрыс бағыт беретін маңызды білім ордасы. Бастауыш сынып оқушысы үшін мұғалімнің әрбір сөзі мен әрекеті үлгі болса, жасөспірім кезеңінде қатарластарының ықпалы күшейе түседі. Дәл осы уақытта баланың

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

буллингке ұшырауы немесе өзі сондай әрекетке баруы жиі кездеседі.

Қазіргі кезде буллингтің ең қауіпті түрлерінің бірі – кибербуллинг. Бұл – әлеуметтік желіде, түрлі мессенджерлерде немесе интернет кеңістігінде адамды қорлау, мазақ ету, жалған ақпарат тарату, жеке суреттерін рұқсатсыз жариялау сияқты әрекеттер. Мұндай қысымның салдары кейде көзге көрінбегенімен, баланың психикасына өте ауыр әсер етеді.

Тағы бір алаңдатарлығы – буллингке ұшыраған балалардың басым бөлігі бұл туралы ата-анасына немесе мұғалімне айтпайды. Бірі ұялса, енді бірі қорқады немесе мәселені өз бетімен шешуге тырысады. Алайда іште жиналған қорқыныш пен реніш уақыт өте келе ауыр психологиялық күйзеліске ұласуы мүмкін.

Сондықтан баланың бос уақытын бақылап, кіммен араласатынына, интернеттегі белсенділігіне көңіл бөлу – әрбір ата-ананың басты міндеті. Қауіптің алдын алу оны болдырмаудан әлдеқайда тиімді.

Сталкинг – көзге көрінбейтін қауіп

Соңғы уақытта қоғамда жиі айтылып жүрген ұғымдардың бірі – stalking. Атауы жаңа болғанымен, оның белгілері бұрыннан белгілі. Бір адамды жүйелі түрде анду, қайта-қайта телефон соғу, әлеуметтік желіде үздіксіз мазалау, үйінің немесе жұмыс орнының маңында жүру, қорқытып-үркіту, қокан-лоқы көрсету – мұның бәрі сталкингке жатады. Мұндай әрекеттер жәбірленушінің еркін өмір сүруіне кедергі келтіріп, психологиялық қысым көрсетеді.

Бұрын мұндай жағдайлар көбіне тұрмыстық жанжал немесе отбасылық түсініспеушілік ретінде бағаланатын. Заңнамада «сталкинг» ұғымына нақты құқықтық анықтама берілмегендіктен, құқық қорғау органдары әрбір оқиғаны өзге баптармен қарауға мәжбүр болды. Көп жағдайда мұндай істер Қылмыстық кодекстің «Жеке өмірге қол сұғу» немесе «Қорқыту» баптары бойынша тіркелетін.

Алайда азаматтардың жеке бас бостандығын қорғауды күшейту мақсатында заңнамаға өзгерістер енгізіліп, Қылмыстық кодекске сталкингке қатысты әрекеттерді біріктіретін 115-1-бап енгізілді. Енді адамның еркінен тыс соңынан қалмай мазалау немесе оның өміріне елеулі зиян келтіретін әрекеттер жағандар 200 айлық есептік көрсеткішке



дейін айыппұл төлеуі, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартылуы немесе 50 тәулікке дейін қамауға алынуы мүмкін.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында Қызылорда қалалық полиция басқармасы жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізіп келеді. 2026 жылдың алғашқы алты айында Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесі қалалық білім бөлімімен және қала әкімдігі жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиямен бірлесіп ауқымды іс-шаралар ұйымдастырды.

Есепті кезеңде қараусыз және қадағалаусыз жүрген, қанғыбастыққа салынған және түрлі құқық бұзушылықтарға жол берген азаматтарға қатысты 4224 әкімшілік хаттама толтырылды. Сонымен қатар 135

кәмелетке толмаған бейімдеу орталығына орналастырылды.

Балалардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар да тұрақты жалғасты. Жыл басынан бері төрт ата-ана ата-аналық құқығынан айырылып, тағы төрт ата-анаға қатысты ата-аналық құқықты шектеу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ тәрбиелеу және бақылау міндетін тиісінше орындамаған 14 ата-ана немесе заңды өкіл профилактикалық есепке алынды.

Жыл басынан бері жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірнеше республикалық және жергілікті жедел-профилактикалық іс-шара өткізілді. Атап айтқанда, «Қысық демалыс», «Жасөспірім», «Демалыс», «Заң мен тәртіп – қауіпсіз балалықтың кепілі» және «Түпті қаладағы балалар» іс-шаралары барысында рейдтер

ұйымдастырылып, құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Осындай іс-шаралардың бірінде екі жасөспірімнен жиналмалы шаппа пышағы анықталып, заң талаптарына сәйкес шаралар қабылданды.

Алдын алу – қауіпсіздіктің кепілі

Құқық бұзушылықтың алдын алуда құқықтық түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Осы мақсатта Қызылорда қаласының білім беру ұйымдарында оқушылар мен студенттерге арналған кездесулер тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Есепті кезеңде бастауыш сынып оқушылары арасында 76 профилактикалық кездесу өткізілсе, 6-11 сынып оқушыларына ерте жүктіліктің, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың және сексуалдық сипаттағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында тағы 76 түсіндіру іс-шарасы өткізілген. Сонымен қатар, арнаулы орта білім беру ұйымдарының 15 колледжінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122 және 123-баптарының талаптары түсіндіріліп, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Мұндай кездесулердің басты мақсаты – жасөспірімдерге өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу және құқық бұзушылықтың алдын алу.

Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – ата-ананың, мұғалімнің және бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әсіресе, цифрлық дәуірде баланың кіммен араласатынын, қандай ақпарат тұтынатынын, әлеуметтік желідегі белсенділігін бақылау бұрынғыдан да маңызды.

Ата-ана баласының бойындағы мінез-құлық өзгерістеріне дер кезінде назар аударып, онымен ашық әңгімелесе білсе, көптеген келенсіздіктің алдын алуға болады. Ал мектеп пен құқық қорғау органдары жүргізіп отырған профилактикалық жұмыстар осы бағыттағы маңызды қолдаудың бірі.

Бүгінгі бала – ертеңгі елдің азаматы. Сондықтан оның қауіпсіздігіне бейжай қарауға болмайды. Буллингке, кибербуллингке, сталкингке және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы тұру тек заңмен ғана емес, қоғамның ортақ жауапкершілігімен жүзеге асады. Баланы бақылауда ұстау – оны шектеу емес, болашағын қорғау. Сондықтан әрбір ата-ана баласының өміріне бейжай қарамай, оның қауіпсіздігі мен тәрбиесіне күн сайын көңіл бөлгені абзал. Өйткені қауіптің алдын алу – өкінгеннен әлдеқайда тиімді.

Зибаш ӘЛІИ

ПЭТ/КТ – ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРДЫ АНЫҚТАУДЫҢ «ҚҰНДЫ СТАНДАРТЫ»

Биыл ақпан айында Қызылорда қаласында «Orhun Medical» медициналық орталығы өз жұмысын бастады. Жаңа орталық «Orhun Medical» компаниясының Қазақстан өңірлерінде жоғары технологиялық онкологиялық көмекті қолжетімді етуге бағытталған ауқымды жобасының екінші кезеңі аясында іске қосылды. Орталықтың қызметі Қызылорда қаласы мен облысы тұрғындарымен ғана шектелмей, Ұлытау, Түркістан және Ақтөбе облыстарының тұрғындарына да заманауи диагностикалық және медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Орталықтың басты бағыты – позитронды-эмиссиялық томография (ПЭТ) мен компьютерлік томографияны (КТ) біріктіретін заманауи диагностикалық әдіс. ПЭТ/КТ зерттеуі онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтап қана қоймай, ісіктің таралу деңгейін бағалауға, аурудың динамикасын бақылауға және жүргізіліп жатқан емнің нәтижесін саралауға мүмкіндік береді. Тексеруден МӘМС жүйесі аясында өтуге болады. «Orhun Medical» клиникасының ядролық медицина бағытының жетекшісі Қасым Сейітқұлов тілшіге берген сұхбатында орталықтың негізгі қызметі, ПЭТ/КТ диагностикасының мүмкіндіктері, пациенттерге көрсетілетін қызмет түрлері және ядролық медицина саласын дамытуға қатысты алдағы жоспарлары туралы айтып берді.

- Қасым Қайырбекұлы, осы орталықта пациенттер ем қабылдай ма, әлде мамандардың құзыретіне тек онкологиялық ауруларды анықтау және емнің тиімділігін бақылаумен шектеле ме?

- Қызылордадағы «Orhun Medical» медициналық орталығында терапевт пен тар бейінді мамандардың қабылдауы ұйымдастырылған. Пациенттер дәрігер кеңесін алып, қажетті зертханалық және аспаптық тексерулерден өтіп, амбулаториялық ем қабылдай алады. Орталықта диагнозды нақтылауға мүмкіндік беретін заманауи диагностикалық технологиялар кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, ультратырадыстық зерттеу (УДЗ), рентгенография, маммография, магнитті-резонанстық томография (МРТ) және компьютерлік томография (КТ), соның ішінде контрасты зат қолданылатын зерттеулер жүргізіледі. Заманауи диагностиканың бұл түрлері ауруды дәл анықтап, оның ерекшеліктерін бағалауға және әр пациентке тиімді ем тактикасын таңдауға мүмкіндік береді.

Егер онкологиялық аурулар туралы айтатын болсақ, медициналық орталық, ең алдымен, диагностикаға бағытталған. Мұнда онкологиялық ауруларды анықтаудың «құнды стандарты» болып саналатын ПЭТ/КТ әдісі қолданылады. Ол ісік үдерістерін анықтауға, аурудың сатысы мен бастапқы ошағын нақтылауға, жүргізіліп жатқан емнің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Онкологиялық ауруларды тікелей емдеуді – хирургиялық, сәулелік немесе дәрі-дәрмектік емді – республикалық және

облыстық онкологиялық орталықтарда алуды ұсынамыз. Сонымен қатар, Алматы мен Қарағанды қалаларындағы «Orhun Medical» томотерапия орталықтарында «Ассигау» заманауи аппараттарында сәулелік терапия қызметтері көрсетіледі.

- Мамандар қызметтерді ақылы негізде көрсете ме? Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесінде сақтандырылған пациенттер емді тегін ала ала ма?

- Орталық диагностиканың түрі мен пациенттің жолдамасына қарай қызметтерді ақылы негізде де, МӘМС жүйесі аясында да көрсетеді. Мысалы, тиісті медициналық көрсеткіштер болған жағдайда, ПЭТ/КТ зерттеуі дәрігердің жолдамасы бойынша МӘМС аясында жүргізілуі мүмкін.

Қазіргі таңда орталықта МРТ, КТ, рентгенография және маммография қызметтері ақылы негізде көрсетіледі. Сонымен қатар, аталған диагностикалық зерттеулер емханалар мен ауруханалардан берілген жолдамалар негізінде МӘМС жүйесі аясындағы бірлесіп орындау шеңберінде де қолжетімді. Ал орталықтағы клиницист дәрігерлердің қабылдауы әзірге тек ақылы негізде жүргізіледі. Мекеме қажетті лицензиялардың барлығын алып, өз жұмысын жаңадан бастап отыр. Қазіргі уақытта медициналық қызметтердің баға преискуранты әзірленіп, азаматтарға қолжетімді. Біздің басты мақсатымыз – өңір тұрғындарына заманауи диагностикалық технологияларды барынша қолжетімді етіп, ауруларды дер кезінде анықтауға және медициналық көмектің сапасын арттыруға үлес қосу.



- Медициналық орталықта қандай мамандар қабылдайды?

- Орталықта әртүрлі бейіндегі дәрігерлер қабылдау жүргізеді. Атап айтқанда, терапевт, педиатр, гинеколог, уролог, кардиолог, невропатолог, травматолог-ортопед, хирург және анестезиолог мамандары бар.

Сонымен қатар, сәулелік диагностика дәрігерлері – МРТ, КТ және рентгенология саласының сарапшылары, сондай-ақ ультратырадыстық зерттеу жүргізетін мамандар жұмыс істейді. Ядролық медицина мамандары ПЭТ/КТ диагностикасын жүргізеді.

Біздің орталықтар желісінде телемедицина технологиялары белсенді қолданылады. Сәулелік диагностикаға қатысты барлық зерттеу нәтижелері – МРТ, КТ, ПЭТ/КТ, рентгенография және маммография – бірінші орталықтағы серверлерге жіберіледі. Оларды еліміздің әр өңірінен жиналған тәжірибелі радиолог дәрігерлер тобы қашықтан қарап, талдау жүргізеді. Ал күрделі немесе пікір алшақтығы туындаған жағдайларда мамандар консилиум өткізіп, ортақ шешімге келеді. Бұл тәсіл диагностикалық қорытындылардың сапасы мен нақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Осы ретте медициналық орталықтың қызметі тек онкологиялық аурулармен шектелмейтінін атап өткен жөн. Мұнда тұрғындарға денсаулыққа қатысты түрлі мәселелер бойынша кешенді медициналық көмек көрсетіледі.

Пациенттер бейінді мамандардан кеңес алып, қажетті диагностикалық тексерулерден өтіп, көрсетілім бойынша амбулаториялық ем қабылдай алады. Орталық мамандары ересектермен қатар, балаларға да медициналық қызмет көрсетеді.

- Сіз атап өткендей, ПЭТ/КТ аппараты – дәл диагностиканың «құнды стандарты». Оның өткізу қабілеті қандай? Қазақстанда осындай деңгейдегі қанша жабдық жұмыс істеп тұр?

- ПЭТ/КТ аппараты бір ауысымда 25 пациентке дейін қабылдай алады. Алайда радиофармпрепараттарды тасымалдау ерекшеліктеріне байланысты бұл көрсеткіш өзгеруі мүмкін. Аппарат аптасына екі күн жұмыс істейді.

Бүгінде Қазақстан бойынша 17 позитронды-эмиссиялық томографпен жабдықталған 12 ПЭТ-орталық жұмыс істейді. Елдегі ПЭТ диагностикасы желісінің кеңеюі пациенттердің жоғары дәлдіктегі радиоизотоптық зерттеулерге қолжетімділігін арттырып, онкологиялық ауруларды ерте анықтау, олардың таралу деңгейін бағалау және емдеу нәтижесін бақылау мүмкіндіктерін кеңейтті.

ПЭТ/КТ арқылы бейнелеу әдісі бастапқы диагностикадан бастап емнің тиімділігін бағалауға мен терапияны жоспарлауға дейінгі кезеңдерді қамтитын заманауи онкологиялық хаттамалардың ажырамас бөлігіне айналды.

ПЭТ/КТ диагностикасы қатерлі ісіктің

сатысын анықтауға, бірнеше түзіліс болған жағдайда бастапқы ісік ошағын анықтауға және соған сәйкес емді, хирургиялық араласуды немесе химиотерапияны тағайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жабдық емдеу барысында ісіктің химиотерапияға берген жауабын бағалауға және аурудың қайталануын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстанда радионуклидтік терапия бағыты да біртіндеп дамып келеді. Бұл ретте ел ішінде радиофармацевтикалық препараттар өндірісінің жолға қойылуының маңызы зор. Бүгінде Қазақстанда бес түрлі радиофармпрепарат өндірілсе, тағы бес препаратты әзірлеу және клиникалық тәжірибеге енгізу жұмыстары соңғы кезеңге жетті. Отандық радиофармпрепараттар өндірісінің дамуы еліміздің ядролық медицина саласындағы технологиялық әлеуетін арттырып қана қоймай, импортқа тәуелділікті азайтуға және радионуклидтік терапияның қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл – Қазақстандағы ядролық медицинаның тұрақты дамуы мен технологиялық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам.

Радиофармацевтика өндірісін дамыту, ПЭТ-орталықтар желісін кеңейту және тераностиканың жаңа технологияларын енгізу технология мен емдеуді қиындай жоғары диагностикалық деңгейдегі құрамдас бөлігіне айналатын дербестендірілген онкологияға көшуге негіз қалауда.

Онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау мемлекеттік скринингтік бағдарламалар және check-up арқылы қамтамасыз етіледі. Тұрғындарды ұсынылып отырған мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамыз.

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Ядролық физика институтымен бірлесіп, барлық өңірлердегі ПЭТ/КТ орталықтарының кен желісін радиофармпрепараттармен тұрақты қамтамасыз ету және жаңа дәрілік препараттардың түрлерін шығару мақсатында қосымша циклотрондық кешен құру жоспарлануда.

Жобаның басты мақсаты – заманауи ядролық медицинаның қолжетімділігін арттыру және соның нәтижесінде онкологиялық ауруларды емдеудің тиімділігін жақсарту.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгүл АХАНОВА

ОЙШЫЛДЫҢ ОЙЛЫ ЖЫРЛАРЫ

Қазалы ауданы Руханият орталығында 10 тамыз — Абай күніне орай қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы, композитор Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын ұлықтауға арналған «Хакім Абайдың аманаты» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Тағылымды іс-шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, ұлы ақынның мұрасын дәріптеудің маңызына тоқталып, көпшілікке ізгі тілегін жеткізді.

— Абай — қазақ халқының ғана емес, адамзат өркениетінің ой-санасына өзіндік із қалдырған ұлы тұлға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Абайдың мұрасын жоғары бағалап, ұлы ақынды — «Абай — еліміздің ғана мақтанышы емес, әлемдік деңгейдегі ұлы тұлға» деп, халқымыздың мәдениеті мен ұлттық санасының жаңғыруына өлшеусіз үлес қосқан кемеңгер деп атап өткен болатын. Бүгінде ауданымызда Президентіміздің, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен мәдениет пен өнерді, әдебиет пен ұлттық құндылықтарды насихаттауға айрықша мән беріліп келеді. Өткен жылы ауданда Сыр өңірінде жарияланған «Руханият жылы» дәл қазір өздеріңізбен бірге тағылымды шара өткізіп жатқан - неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі біріктірілген «Руханият орталығы» ғимараты пайдалануға берілді. Роза Бағланова атындағы 600 орындық аудандық Мәдениет үйі, Кәукей және Майдакөл ауылдарында 100 орындық жаңа ауылдық клубтар салынып, бүгінде тұрғындар жаңа ғимараттардың игілігін көруде. Өткен жылы ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында Қазалы ауданында бірқатар ауқымды мәдени іс-шаралар өткізілді. Бүгінгі қазақтың дара тұлғасының туған күніне орай ұйымдастырылып жатқан әдеби-сазды кеш — ұлы ақынның шығармашылығын дәріптеп қана қоймай, оның терең ойларына қайта үңіліп, рухани әлеміне бойлайтын тағылымды басқосу болмақ. Ұлы ақынның мұрасы елді білімге, еңбекке, бірлікке, әділетке бастай берсін! Жастарымыз Абай армандарын білімді,

бәсекеге қабілетті, парасатты ұрпақ болып өссін! Еліміздің руханияты асқақтап, ұлттық құндылықтарымыз ұлықтала берсін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Кеш барысында көрермен назарына Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын арқау еткен бейнеролик ұсынылып, ақынның өмірлік ұстанымы мен ұрпаққа қалдырған аманаты сахналық көрініс арқылы әсерлі жеткізілді. Әдеби-сазды кеште Абайдың қара сөздерінен үзінділер оқылып, ақынның адамгершілік, білім, еңбек, талап, бірлік пен елдік туралы терең ойлары кенінен насихатталды. Жас ақындар мен оқушылар хакімнің тағылымды сөздерін көрерменге жеткізді. Сондай-ақ кеш барысында Абайдың қазақ музыка өнеріне қосқан өлшеусіз үлесін айшықтайтын «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Бойы бұлған» сынды әндері орындалып, ақынның сырлы да сазды мұрасы дәріптелді.

Кештің мазмұнын Абай поэзиясындағы махаббат, адамгершілік пен адалдық тақырыптарына арналған жастар диалогы толықтыра түсті. Жастардың өзара сұхбаты арқылы ақынның «Махаббатсыз дүние бос» деген тағылымды ойының бүгінгі қоғам үшін де мәні зор екені көрсетілді. Іс-шара басталмас бұрын шараға жиылған қонақтар Абайдың рухани әлемін танытатын ерекше көрмелермен, ұлы ақынның рухани мол мұрасымен танысты.

ҰЛТТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Абай ескерткішіне гүл шоқтары қойылды

Биыл қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, философы және композиторы Абай Құнанбайұлының туғанына 181 жыл толды. Атаулы күнге орай Қызылорда қаласындағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп алаңында ұлы ойшыл, кемеңгер ақын Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Руханиятқа тағзым еткен шараға облыс басшылығы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, жастар мен қала тұрғындары қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай өз сөзінде Абай мұрасының ұлттық руханияттағы маңызын атап өтіп, ұлы ақынның шығармалары жас ұрпақты білімге, еңбекке және адамгершілікке үндейтінін жеткізді.

— Абай — қазақтың рухани әлемін жаңа деңгейге көтерген, білім мен ғылымды, еңбек пен адамгершілікті, ел бірлігі мен жауапкершілікті басты құндылық ретінде дәріптеген ұлы тұлға. Ақын өз дәуіріндегі қоғамның кемшіліктерін сынға алып қана қоймай, одан шығудың жолын да көрсетті, халықты білім алуға, ғылым үйренуге, еңбек етуге және өзін-өзі жетілдіруге шақырды. Бүгінде Абайдың осы тағылымды ойлары өзектілігін жоғалтпай, әсіресе жас ұрпақ үшін маңызды рухани бағдар болып отыр. «Ғылым таппай мақтанба» деген ақын өсиеті білімді, саналы әрі ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын ұрпақ тәрбиелеудің маңызын

айқындайды. Абайды ұлықтау - өткенге тағзым ету ғана емес, оның өнегесін бүгінгі күнмен сабақтастырып, болашақ ұрпаққа жеткізу, - деді Қайрат Ырзақұлұлы.

Сонымен қатар, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлы Абайдың қазақ әдебиеті мен қоғамдық ойдағы айрықша орнына тоқталып, ақын мұрасын дәріптеу мен кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызын атап өтті.

— Соңғы үш жыл көлемінде Абай күні барлық мектептерде, білім беру ұйымдарында және түрлі мекемелерде кенінен атап өтіліп келеді. Абайдың осыдан 150 жыл бұрын айтып кеткен тағылымы мен өсиеттері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын оның ойларының мәні тереңдеп, маңызы артып, мәңгілік құндылыққа айналып келеді. Мен Абай мұрасындағы екі мәселеге ерекше тоқталғым келеді. Біріншісі — Абай тек қазақ ұлтының мәселесін ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ мәселелерді көтерді. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сөзі - соның айқын дәлелі. Адамзатты сую, барша адамға құрметпен қарау, бірлік пен ізгілікті дәріптеу — Абай шығармашылығының негізгі өзегінің бірі. Екіншісі — Абайдың «толық адам» мәселесін көтеруі. Ұлы ойшыл өзінің қара сөздерінде бұл ұғымға бірнеше рет тоқталады. Бүгінде «толық адам» тұжырымдамасының маңызы артып отыр. Оны Мемлекет басшысы да өз сөздерінде атап өтіп, толық адамға ұмтылудың қажеттігін айтып келеді. Ал толық адам

дегеніміз тек материалдық тұрғыдан қамтамасыз болған адам емес. Ол — рухани жағынан кемелденген, білім мен ғылымды менгерген, әдеп пен иманды, адамгершілік пен ар-ұятты бойына сіңірген тұлға. Абай да адам бойындағы осы қасиеттердің тұтастығын жоғары бағалаған. Ұлы ақын бірінші орынға еңбекті, білім мен ғылымды қойды. Бұл құндылықтар бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды. Сондықтан Абайдың сөзі де, өлеңі де, қара сөздері де ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Оның мұрасы - ұлт үшін мәңгілік рухани қазына. Сондықтан біз Абайдың осы тағылымын кейінгі ұрпаққа жеткізіп, оның шығармаларын кенінен насихаттап жүруіміз керек. Өйткені Абайды насихаттау - ұлы ақынның есімін ұлықтау ғана емес, оның адамдық, білім мен ғылым, еңбек және ізгілік туралы өсиеттерін қоғам өмірінде жалғастыру, - деді Мұрат Бактиярұлы.

Гүл қою рәсімі ұлы ақынның шығармашылығын өнер арқылы дәріптеумен жалғасты. Шара барысында Абайдың «Желсіз түнде жарық-ай», «Өзеге көңілім тойрсын» әндері орындалып, ақынның қара сөздерінен үзінділер оқылды.

Әсіресе жас өрендердің Абай шығармаларын мәнерлеп оқуы шараның мазмұнын тереңдетте түсті. Жас буынның орындауындағы әрбір өлең мен тағылымды сөз - ұлы ақын мұрасының бүгінгі ұрпақ санасында жаңғырып, рухани сабақтастықтың жалғасып келе жатқанының көрінісі.

«Ел тілегі» ақпарат



СЕГІЗІНШІ ҚАРА СӨЗ

Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу - болыс, біреу - би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығымдап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? - деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді. Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты матыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім - ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұаты, ары, жақыны - бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жисғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ - солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ. Оның бәрін жсайастырып, аяғын алып келіп мақтанға орналастырғаниша қашан? Қолы тимейді. Енді ұры-зальым, сұм-сұрқия өздері де тыңдамайды. Оңша-мұңша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім, ғылым кедейге керекі жоқтай-ақ: «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндегі болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек.

АБАЙ МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Абай күніне орай ҚАЗЖ департаментіне қарасты №68 мекемесінің шаруашылық қызметіне қалдырылған жазасын өтеушілер қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармашылығын насихаттау мақсатында ақынның өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер оқыды.

Атап айтқанда, екі жазасын өтеуші Абайдың өнегелі өлеңдері мен тағылымы терең қара сөздерін мәнерлеп оқып, ұлы ойшылдың адамгершілік, білім, еңбек, тәрбие және рухани кемелдік туралы ойларын жеткізді.

Абай шығармаларының басты құндылығы — адамды үнемі өзін жетілдіруге, білім іздеуге, еңбек етуге, жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, жаман әдеттерден арылуға

үндейтіндігінде. Ақынның әрбір өлеңі мен қара сөзінен адам болмысына қатысты терең ой мен өмірлік тағылымды аңғаруға болады.

Жазасын өтеушілердің Абай шығармаларын оқуы — ұлы ақын мұрасымен жақынырақ танысып, оның тағылымды ойларына үңілуге мүмкіндік береді. Рухани құндылықтарды дәріптеу арқылы адамның ішкі дүниесіне ой салу, жақсыға ұмтылуға бағыт беру — Абай мұрасының басты тәрбиелік мәндерінің бірі.

Абай сөзі — уақытпен бірге жаңғыратын рухани қазына. Ұлы ойшылдың шығармалары адамды ойлануға, ізденуге және өз-өзіне есеп беруге шақыра отырып, әр жүрекке адамдықтың биік өлшемін ұғындырады.



1. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.
2. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де — ақымақтық.
3. Баланың мал табары болады, мал шашары болады.
4. Өзің мал таба алмасаң — балаң мал тапсын.
5. Иман сақтауға — қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек.
6. Тіл жүректің айтқанына көнсе — жалған шықпайды.
7. Адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулық жоқтығынан азады.
8. Құдайшылық — жүректе.
9. Жаманмен салысып жақсы болмайсың.
10. Құдайдан — қорық, пендеден — үял: бала бала болсын десең оқыт, мал аяма!
11. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпен өмір өткізгенше — малды не жерден сұрау керек, не маңдай терден сұрау керек.
12. Тура жолдағыны шатастырушы жүз кісі — қисық жолдағыны түзеткен бір кісіден садаға кетсін.
13. Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады.

Бұрғылау қондырғыларын және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу қондырғыларын пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Мұнай-газ саласы — Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды бағыттарының бірі. Бұл салада бұрғылау қондырғылары мен ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеуге арналған жабдықтар күнделікті қолданылады. Дәл осы қондырғыларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ерекше маңызға ие.

Бұл кешендер жоғары қысымды, ауыр жүк көтеретін, күрделі механикалық және гидравликалық жүйелерден тұратын техника болып табылады. Оларды пайдалану кезінде жоғары қысымды жүйелердің бұзылуы, ауыр бөлшектердің құлауы, өрт пен жарылыс қаупі, улы газдардың (оның ішінде күкіртсутектің) бөлінуі, жабдықтың істен шығуы және адам факторы сияқты елеулі қауіп-қатерлер бар.

Бұл қауіптерді азайту үшін кешенді тәсіл қажет. Жабдықтар тұрақты түрде техникалық қызмет көрсетуден, диагностикадан және тексеруден өтуі тиіс — ақаулы техниканы пайдалануға жол берілмейді. Персонал арнайы дайындықтан өтіп, аттестаттаудан және тұрақты

нұсқаулықтардан өтуге міндетті. Жұмыс орындарында жеке қорғаныс құралдары, қауіпті аймақтарды қоршау және нақты ұйымдастыру шаралары міндетті түрде қолданылуы керек. Тәуекелдерді бағалау мен авариялық жағдайларға дайындық, соның ішінде газқауіпті және жоғары қысымды жұмыстарға арнайы рұқсаттар беру маңызды рөл атқарады.

Бұрғылау және күрделі жөндеу жұмыстары жоғары тәуекелді қызмет түріне жатады. Алайда қауіпсіздік жүйесін дұрыс ұйымдастыру, білікті кадрлар мен тұрақты бақылау арқылы бұл тәуекелдерді едәуір азайтуға болады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік — бұл жай ғана формальды талап емес, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғаудың нақты кепілі. Сондықтан әрбір басшы мен қызметкер қауіпсіздік мәселесіне барынша жауапкершілікпен қарауы тиіс.

М.Б. АБДИРАХМАНОВ,
ҚР ТЖМ Қызылорда облысының
ТЖД Өнеркәсіптік қауіпсіздік
басқармасының бас маманы



10.08-16.08.2026

ТОҚТЫ

Бұл аптада белсенділік пен батылдық алдыңғы орынға шығады. Жұмыста жаңа мүмкіндік пайда болуы мүмкін. Қарым-қатынаста асығыс шешім қабылдамай, қарсы жақтың пікірін тыңдаған дұрыс. Қаржыда қажетсіз шығыннан сақ болыңыз.

ТОРПАҚ

Тұрақтылықты жақсы көретін сіз үшін бұл апта жоспарларды реттеуге қолайлы. Жұмыста бастаған істі аяқтауға мүмкіндік туады. Жеке өмірде жылы өңгіме маңызды өзгеріске жол ашуы мүмкін.

ЕГІЗДЕР

Жаңалықтар мен кездесулерге толы апта. Көптен күткен хабар келуі ықтимал. Жаңа адамдармен танысу пайдалы болады. Бірнеше істі қатар бастамай, ең маңыздысына назар аударыңыз.

ШАЯН

Эмоцияға берілмей, ішкі дауысыңызға құлақ асыңыз. Отбасы мәселелеріне көбірек көңіл бөлетін кезең. Жақын адамыңыздан қолдау сезінесіз. Демалысқа да уақыт қалдырыңыз.

АРЫСТАН

Бұл - сіздің жарқырайтын аптаңыз! Өзіңізге сенімділігіңіз артып, айналаңыздың назарын аударасыз. Жұмыста бастама көтеруге жақсы уақыт. Махаббатта тосын сый немесе жағымды кездесу болуы мүмкін.

БИКЕШ

Ұсақ-түйекке тым көп алаңдамаңыз. Кейбір жоспарларыңыз өзгеруі мүмкін, бірақ бұл өзгеріс сізге пайдалы болуы ықтимал. Ақшаға қатысты шешімдерді асықпай қабылдаңыз.

ТАРАЗЫ

Қарым-қатынастарды реттейтін апта. Бұрынғы түсініспеушіліктерді шешуге мүмкіндік бар. Жалғыз жүрген Таразылар үшін қызықты таныстық болуы мүмкін. Жұмыста келіссөздер сәтті өтеді.

САРЫШАЯН

Ішінізде сақтап жүрген мәселе қайта көтерілуі мүмкін. Оны кейінге қалдырмай, ашық сөйлескен жөн. Мансапта өз позицияңызды қорғауға тура келеді. Интуицияңыз бұл аптада жақсы жұмыс істейді.

МЕРГЕН

Жаңа жоспарлар мен сапарларға қолайлы кезең. Бір қызықты ұсыныс сіздің болашақ жоспарыңызды өзгертуі мүмкін. Еркіндік пен ашықтық маңызды болады.

ТАУЕШКІ

Жауапкершілік көбейеді, бірақ еңбегіңіздің нәтижесін көресіз. Басшылық тарапынан жақсы баға немесе жаңа міндет берілуі мүмкін. Қаржы мәселесінде ұзақ мерзімді жоспар құрған дұрыс.

СУҚҰЙҒЫШ

Шығармашылық идеяларыңыз көбейетін апта. Күтпеген жерден пайдалы мүмкіндік пайда болуы мүмкін. Жеке өмірде әдеттегіден батылырақ қадам жасауға болады.

БАЛЫҚТАР

Өзіңізге көңіл бөліп, шаршағаныңызды басатын уақыт. Кейбір адамдардың шынайы ниеті сізге анық көріне бастайды. Сезім мәселесінде жүрегіңізді тыңдаңыз, бірақ ақылдың да пікірін ұмытпаңыз.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда қаласының №2 сотында ҚР ҚК-нің 190-бабының 3-бөлігінің 4)-тармағымен сотталушы А.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сотталушы А. грант және несие бағдарламаларын жалған жарнамалап, азаматтардың сенімдеріне кірген. Осылайша, жәбірленуші Д.-дан «кәсіпкерлерге арналған грант» бағдарламасы үшін 2 012 000 теңгені алдап аудартып, жеке бас пайдасына жаратқан.

Сотталушы өзінің қылмыстық әрекетін жалғастырып, жәбірленуші Б.-ға да аталған бағдарламалар туралы жалған айтып сендіріп, 1 400 000 теңгені алдап аудартып алған. Басты сот талқылауында

сотталушы өзіне тағылған айыпты мойындап, жәбірленушілерден кешірім сұрады. Жәбірленушілер келтірілген материалдық зиян өтелмегендіктен, кешірім бермейтіндерін көрсеткен. Сот үкімімен сотталушы А. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 190-бабының 3-бөлігінің 4) тармағымен кінәлі деп танылып, оған түпкілікті 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Азаматтық талап қоюлар бойынша жәбірленушілердің пайдасына келтірілген шығын өндірілді.

Қызылорда қаласының
№2 соты

СОТ КӨПБАЛАЛЫ АНАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

2024 жылы Қызылорда қаласының тұрғынына «жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша есепте тұрғаны үшін мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер берілген. Талап қоюшы жалғызбасты ана ретінде төрт кәмелетке толмаған баласымен бірге аталған тұрғын үйге қоныстанған. Алайда, берілген тұрғын үйдің нақты алаңы бес адамнан тұратын отбасы үшін Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында белгіленген тұрғын үймен қамтамасыз ету нормаларына сәйкес келмейтіні анықталған.

Осыған байланысты, талап қоюшы уәкілетті органға белгіленген нормаларға басқа тұрғын үй беру туралы өтінішпен жүгінген, алайда оның өтініші қанағаттандырусыз қалдырылған. Талап қоюшы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық

әкімшілік сотына уәкілетті органдардың шешімдерін заңсыз деп тану туралы талап қоюмен жүгінген. Сот талап қоюшыға және оның төрт кәмелетке толмаған баласына берілген тұрғын үйдің заңнамда белгіленген тұрғын үймен қамтамасыз ету нормаларына сәйкес келмейтінін анықтады. Сот шешімімен талап қою қанағаттандырылып, уәкілетті органдардың талап қоюшыға қатысты шешімі мен қаулысының күші жойылды.

Сонымен қатар, сот уәкілетті органдарды талап қоюшының «жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша 2011 жылдан бастап тұрғын үйге мұқтаждар есебіне тұрғызу арқылы бұзылған құқығын қалпына келтіруге міндеттеді.

Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік соты



Қоғамдық тыңдау

16.09.2026 ж. Теренозек кенті, Конаев көшесі 8 ғимаратта келесі жобалар бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өтеді:

1. сағат 15:30 «KAZPETROL GROUP» (KAZPETROL GROUP)» ЖШС-нің Оңтүстік Хайркелді кен орнына арналған атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілген ІШН жобасын түзету, Оңтүстік Хайркелді кен орнындағы қабат қысымы ұстап тұру жүйесінің сударының ластанушы заттардың жол берілетін төңіріктерінің нормативтері жобасы, ҚОҚБ, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚІШ.

2. сағат 16:30 «KAZPETROL GROUP» (KAZPETROL GROUP)» ЖШС-нің Солтүстік Хайркелді кен орнына арналған атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілген ІШН жобасын түзету, ҚОҚБ, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚІШ. Үсәненің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары - 46.0816 с.ш, 65.1602 в.д., Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренозек а.о., Теренозек кенті

ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы: <https://us05web.zoom.us/j/87186170885> Жеке конференция нөмірі: 8076626849 Кіру коды: 8mfrXh

Тапсырыс беруші: «KAZPETROL GROUP (КАЗПЕТРОЛ ГРУП)» ЖШС, БИН 050440000082, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі 12, Тел.: +7 7242 907 177

Әзірлеушілер: «ПРОЕКТНЫЙ ИНСТИТУТ «ОПТИМУМ» ЖШС, БСН 000740000123, Ақтау қ., 3 микрорайон, 23, +7 (7292) 544 133; «KAZHADA PROJECTS» ЖШС, БИН 011240000803, Қызылорда қ., Конаев к-сі, стр. 4, тел: +7 777 138-75-42; "Эко-Астана Нр" ЖШС, БИН 060940002386, Астана, р-н Есиль, ул.Сығанақ, 14/1, кв.10, 8 (7172) 26-61-17; «Эконур» ЖШС, Қызылорда қ. Жахаева көшесі 66/3, тел: 230335; «Орда Проект Консалтинг» ЖШС, БСН 111240003333, Қызылорда қ., Жахаева көшесі 118А/3, тел: 8 (7242) 710535

Ақпараттық жүйеге және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities?lang=kz>

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: esopn2011@mail.ru, 230335. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде на ҚОЖКҰДБ және prd@korda.gov.kz қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның электрондық поштысы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысы бойынша экология департаменті, kyzylorda-ecoder@ecogeo.gov.kz, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 124, тел: 8-(7242)-23-00-19

ЖАО электрондық поштысы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, N1, тел: 8- (7242) -60-53-62

КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ !

1. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2026 жылғы 11 қыркүйегінде Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс №1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 444 каб. жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

2.1 Ауданаралық (қалааралық облысшілік) тұрақты автобус маршруттары: Ақарық-Қызылорда, Жанақорған-Шиели, Теренозек-Қызылорда, Шаған-Қызылорда, Жосалы-Қызылорда, ІІІ-Интернационал-Қызылорда, Аққұм-Қызылорда әлеуметтік мәні бар тұрақты автобус маршруттары: Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай Датқа-Қызылорда, Тоқмағамбет-Қызылорда, Аққыр-Қызылорда, Қаратерең-Әйтеке Би.

2.2 Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Әйтеке би-Ақтөбе, Төретам-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз, Әйтеке Би-Қызылорда-Атамекен, Жанақорған-Астана.

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызылорда облыс әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 444 каб. бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 01 қыркүйек сағат 18:00 дейін.

6. 2026 жылғы 19 тамыз сағат 10:00 конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

ВНИМАНИЕ КОНКУРС !

1. КГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области» объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутоввнутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа,который состоится 1сентября2026 года по адресу: г. Кызылорда, ул. Бейбарыс султан, строение 1, здание акимата Кызылординской области, 4 этаж, каб. 444.

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов(маршруты):

2.1Регулярные межрайонные (междугородные внутриобластных) автобусные маршруты:Ақарық-Қызылорда, Жанақорған-Шиели, Теренозек-Қызылорда, Шаған-Қызылорда, Жосалы-Қызылорда, ІІІ-Интернационал-Қызылорда, Аққұм-Қызылордаи регулярные социально-значимые автобусные маршруты Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай датқа-Қызылорда, Тоқмағамбет-Қызылорда, Ботабай-Қызылорда, Аққыр-Қызылорда.

2.2 Регулярные межобластные междугородные автобусные маршруты: Айтеке би-Ақтөбе, Төретам-Түркестан, Арал-Айтеке би-Түркестан, Кызылорда-Тараз, Айтеке Би-Қызылорда-Атамекен, Жанақорған-Астана.

3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.

4. Желющие принять участие в конкурсе представляют в КГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области» письменную заявку на получение пакета конкурсных документов по адресу: г. Кызылорда,ул. Бейбарыс султан, строение 1, здание акимата Кызылординской области, 4 этаж, каб. 444.

5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в конкурсе: 01сентябрь 2026 годадо 18-00 часов.

6. 19август 2026 годовв 10-00 часов конкурсная комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.

7. За справками обращаться по телефону: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

Общественные слушания

16.09.2026года по адресу пос.Теренозек, ул. Кунаева,8, проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по проектам:

1. в 15:30 часов корректировка проекта НДВ ЗВ в атмосферу для ТОО «KAZPETROL GROUP (КАЗПЕТРОЛ ГРУП)» на м/р Южный Хайркелды, проектнонормативов допустимых сбросов (НДС) загрязняющих веществ системы поддержания пластового давления воды месторождения Южный Хайркелды, РООС, ПУО, ПЭК, ПМ.

2. в 16:30 корректировка проекта НДВ ЗВ в атмосферу для ТОО «KAZPETROL GROUP (КАЗПЕТРОЛ ГРУП)» на м/р Северный Хайркелды, РООС, ПУО, ПЭК, ПММ.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия - 46.0816 с.ш, 65.1602 в.д., Кызылординская область, Сырдарынский район, Теренозекский с.о., с.Теренозек

Ссылка на видеоконференц-связь на платформе ZOOM:

<https://us05web.zoom.us/j/87186170885>

Идентификатор конференции: 807 662 6849

Код доступа: 8mfrXh

Инициатор: ТОО «KAZPETROLGROU (КАЗПЕТРОЛ ГРУП)», БИН 050440000082, г.Кызылорда, ул. Желтоқсан № 12, Тел.: +7 7242 907 177

Разработчики: ТОО «ПРОЕКТНЫЙ ИНСТИТУТ «ОПТИМУМ», БИН 000740000123, г.Ақтау, 3 микрорайон, 23, +7 (7292) 544 133; ТОО «KAZHADA PROJECTS», БИН 011240000803, г. Кызылорда, ул. Конаев, стр. 4, тел:+7 777 138-75-42; ТОО "Эко-Астана Нр", БИН 060940002386, г.Астана, ул.Сығанақ, 14/1, кв.10, 8 (7172) 26-61-17, ИП «Эконур», г.Кызылорда, ул. Жахаева, 66/3, тел: 230335, ТОО "Орда Проект Консалтинг", БИН 111240003333, г. Кызылорда, ул. Жахаева 118А/3, тел: 8 (7242) 710535

Ссылка на Информационную систему и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz/> и [caifr МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities?lang=kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities?lang=kz)

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: esopn2011@mail.ru, 230335. Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных на НБДСОС и prd@korda.gov.kz.

Электронный и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Кызылординской области: kyzylorda-ecoder@ecogeo.gov.kz, г.Кызылорда, улица Желтоқсан, № 124, тел: 8-(7242)-23-00-19

Электронный и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы нөмірі ҚК 53/ҰРҰ00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифици атталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағамбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №175
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)